

Педагогикалық кеңестің

№ 1 хаттамасы

Мерзімі: 27.08.2021 жыл

Қатысқандар 3

Күн тәртібінде.

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

1. Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстарды қорытындылау.
2. Педагогикалық ұжымды 2021-2022 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру, талқылау және бекіту.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі балалақ шақ» Республикалық орталығы жаңа 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты мен танысу.
4. Жаңа оқу жылына балабақшаның дайындығы туралы шолу тексеру қорытындысы
5. Ата аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру туралы.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер мен таныстырды. Педагогикалық кеңес құрамына білім беру ұйымының меңгерушісі, әдіскері, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретінін айтып өтті. Сонымен қатар педагогикалық кеңестің өз құрамынан жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айтып отырып былтырғы оқу жылымызда педагогикалық кеңестің хатшысы А. Сатбергенова еді, бұл жылға қандай ұсыныстарыңыз бар деді.

Сөз сөйледі: Балабақша тәрбиешісі Г. Джилкибаева педагогикалық кеңестің хатшысы болып кеңес материалдарын өз уақытында жинақтап отырғанын айта отырып балабақша әдіскерінің қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде әдіскер А. Сатбергенованы сайлауды ұйғарды.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері А. Сатбергенова жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстарды қорытындылау туралы айтты: Жасұрпақты жан-жақты дамыған, ой-өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің, сауықтыру – шынықтырудың алар орны орасан

зор. Сау жан-сау денедегана болады деген халқымыз. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу балабақшаның негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндеттерінің бірі. Баланы шынықтыру – сауықтыру шаралары Денсаулық білім беру саласында көрсетілген. Әр баланың дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған, олар таза ауада дене шынықтыру, таңғы жаттығулар, спорттық ойын – сауықтар, серуен, серуендегі қимылды ойындар, сергіту сәттері, ұйқыдан кейінгі гимнастика, массаж, жалаң аяқ жүру, су процедуралары. Осы айтылған шаралардың бәрін біздің балабақшамызда да күнделікті орындалды. Спорттық эстафеталық ойындар күн сайын ұйымдастырылып тұрды. Жазғы сауықтыру кезіндегі шараларымыз өз уағында жүргізілді деді әдіскер.

Тыңдалды: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, мақсат міндеттерімен таныстырды. Жылдық жоспарда семинар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланған. Балабақшаның оқу – тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша шолу, тақырыптық бақылаулар ар айға жоспарланды. Ашық оқу қызметтері, ертеңгіліктер, көрме, сайыстар және т.б. іс – шаралар жоспарланды. Оқу жылының жылдық жоспарын әдіскермен бірігіп отырып құрдық. Айтылғандарды құптаймыз десеңіздер жылдық жоспарымызды бекітейік деді меңгеруші.

Сөз сөйледі: Тәрбиеші Г. Джилкибаева жылдық жоспарда барлық педагогтың оқу – тәрбие жұмысында жүзеге асыру ролі, ұйымның мақсат міндеттері, іс – әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі, және іс – шараларды өткізетін жауапты педагогтар нақты көрсетілген. Сол себепті бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

Сөз сөйледі: Балабақша әдіскері . 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды. Бұл әдістемелік нұсқау хатында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, шектеу шаралары кезінде мектеп жасына дейінгі балармен тәрбие білім беру процесін ұйымдастыру, заттық кеңестік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар, мектепке дейінгі ұйым педагогіне қойылатын талаптар, ата аналармен жұмыс процестерін қамтыған. Қосымша Өтпелі тақырыптар, перспективалық жоспар, циклограмма, күн тәртібі, тәрбиеші құжаттарының үлгісінің тізбесі ұсынылған. Шектеу шаралары кезінде қашықтықтан үй жағдайында ата

аналардың басшылығымен тапсырмаларды үйреніп орындайтыны да айтылған. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру ерте, кіші жастағы балалар үшін қашықтықтан сүйемелдеу ұйымдастырылады, онда педагогтер мен тәрбиешілер ата аналармен телефон арқылы және әлеуметтік желілер арқылы үнемі байланыста болады, оларға оқшаулау режимінде мектеп жасына дейінгі балалардың бос уақытын ұйымдастыру мәселелері бойынша және ата аналардың өз бетінше оқытудың ұйымдастыру туралы кеңес беріледі. Кезекші топтарға қамтылмаған орта, ересек топтағы балалар үшін 2 рет ұзақтығы 15 минуттан аспайтын қашықтық форматындағы ойын түріндегі оқу- қызметтері өткізіледі. Ата- анасы жұмыста болған жағдайда, тәрбиеші алдын – ала әзірленген материалды балаларымен ата- аналар бірлесіп орындау үшін әлеуметтік желі арқылы ата- аналар чаттарына жіберу ұсынылады. 2021 жыл кезекші топтармен жұмыс жасауымыз мүмкін әдістемелікте ұсынылғандай кезекші топтардың жұмысы ата- аналардың өтініштері негізінде санитариялық талаптарды қатаң сақтаған кезде жүзеге асырылады. Өтініштер негізінде толымдылығы 15 балаға дейінгі кезекші топтар құрылады. Санитариялық- эпидемиологиялық жағдай тұрақты жақсарған кезде санитариялық талаптарды қатаң сақтай отырып, мектепке дейінгі ұйымның штаттық режимде жұмыс істеуіне біртіндеп көшуі жүзеге асырылатыны айтылған.

Тыңдалды: Жаңа 2021-2022 оқу жылына топтардың дайындығы шолу тексеру қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева айтты. Жалпы бұл оқу жылында балабақшамызда 5 топ жұмыс істейді. Балабақша ғимараты ағымдағы жөндеуден өткізілген. Аула көгалдандырылға. Балалардың далада еркін ойнауы үшін топтарға саяжайлар жасалған. Алаңдағы ағаштардың құраған бұтақтары мен құраған гүлдер алынып тасталған. Топтардың іші таза, жарық. Топтарда оқу қызметі және ойын зоналары бірге, балаларды қабылдау бөлмесі, ұйқы бөлмелері бөлек ұйымдастырылған. Топтардағы жихаздар ашық түсте, жаңа үлгіде жасалған. Төсек жаймалар 3 ауысымға толық қамтылған. Сүлгілер, ыдыстар бала санына түгел жеткілікті. Топтарда ертегілер, табиғат, қауіпсіздік, денсаулық, топ бұрыштары бар. Тәрбиешінің ағымдағы құжаттар тізбесі бар. Дамыту ортасы ұйымдастырылған. Тәрбиеленушілер құжаттары дайындалған Кемшіліктер де жоқ емес дене шынықтыру оқу қызметіне алынған құрал жабдықтар дұрыс сақталмаған. Жалпы алғанда балабақшамыз жаңа оқу жылына дайын деді меңгеруші.

Сөз сөйледі: Ата- аналармен бірге ұйымдастырылатын шаралар туралы балабақша әдіскері сөйледі. Ата -аналармен жылдық жоспарда жоспарланған іс жаралар Ата- анамен баланың бірлескен әрекетін ұйымдастыруда елдегі

індеттін толық жойылмағанын ескере отырып Online форматта жұмыс жүргізіледі. Отбасымен жұмысты ұйымдастыру кезінде мына қағыдаларды назарға алуларыңызды сұраймын. Ашықтық,ынтымақтастық,белсенді дамытуші орта құру, Педагогтің міндеті ата- аналармен өзара қарым қатынастың оң эмоционалды микроклиматын құру.Отбасыны балабақша өміріне тарту керек деді әдіскер.

Шешім:

- 1.Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстар бағдарлама негізінде дұрыс ұйымдастырылған деп табылсын.
- 2.Оқу жылының жылдық жоспары бекітіліп жоспарда белгіленген міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз искерлігімен, шеберлігімен талапқа сай әрекет етсін.
- 3.Оқу- тәрбие жұмыстары стандарт талаптарына сай жүргізілсін.
4. Шолу тексеру қорытындысына орай балабақша оқу жылына дайын деп табылсын.
5. Ата- аналармен бірлескен жұмыстарды жаңа форматта ұйымдастыру жалғастырылсын.

Төрайымы

Хатшы



К. Нурходжаева

А.Сатбергенова

Педагогикалық кеңестің

№ 2 хаттамасы

Мерзімі: 26.11.2021 жыл

Қатысқандар 3

Тақырыбы «Баланың денсаулығы мен өмірін қорғау жағдайын құру»

Күн тәртібінде.

1. Педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы.
2. Баяндама «Баланың денсаулығын нығайту және өмірін қорғауда бірегей кеңестіктің құрылымы». Баланың қауіпсіз жағдайда болуы шолу жүргізу қорытындысы.
3. Топ тәрбиешілері сауықтыру шаралары туралы жүргізілетін жұмыстары жөнінде есеп беру.
4. Топтардағы қауіпсіздік ережелері қандай?
5. Балалардың қимыл қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру тақырыптық тексеру қорытындысы.

Тындалды: Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі ашты. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Өткен кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына тохталды. Жылдық жоспарда бекітілген міндеттеме мақсатына жету жолында әр педагог өз іскерлігін танытуда. Бақшамыздағы оқу тәрбие жұмыстары стандарт талабында орындалуда. Ата аналармен жұмыстар уақытша Online форматта ұйымдастырылуда меңгеруші.

Тындалды: Баланың денсаулығын нығайту және өмірін қорғауда бірегей кеңестіктің құрылуы туралы балабақша әдіскері айтты. Денсаулықтың негізгі шарты-мәдени орта, салауатты өмір салты. Балалар бақшада күнұзақ болады, тәрбие мен білім алады, денсаулығын нығайтады. Баланың балабақшадағы денсаулығын сақтау мен өмірін қорғау кеңестігіне кім жауапты? Әлбетте біз тәрбиешілер. Бірақ салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау біздің құрылтайшымызға жүктеледі. Бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, ширақ жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру балабақшаның негізгі мақсатымен алға қойған үлкен міндетінің бірі екенін барлықтарыңіз білесіздер. Шыныққан бала аз ауырады, тәбеті мен ұйқысы жақсы, бітімі үйлесімді, әрі сымбатты келеді және ауа райының кез келген жағдайында жеткілікті дәрежеде серуендей алады. Балабақшада бөлмелерде қозғалу кезінде қауіпсіздікті

қамтамасыз ету керек үнемі.Баяндамадан үзінділер оқылып таныстырылды.

Сөз сөйледі: Балабақшаның медицина қызметкері баланың қауіпсіз жағдайда болуына шолу тексеру жүргізгенін айтты Барлық топтарда баланың өмірі мен денсаулығына, тәрбиесіне қажетті жағдай жасалған. Топтарда қауіпсіз ойын алаңы бар. Топтарда балалар әрекетінің сан түрлі ойындар, спорттық ойын сауықтар,еңбек шараларын ұйымдастыруға мүмкіндік бар.Аулада құммен ойнайтын,қозғалысты ойындарға арналған жабдықтар бар. Бақшамызда баланың қауіпсіз жағдайда болуы үшін барлық шаралар қарастырылған.

Сөз сөйледі: Топта сауықтыру шараларын күнделікті ұйымдастырамын. Балалардың дене бітімінің дұрыс қалыптасуына,қан айналымының жақсартуына,қолдарындағы,табандарындағы нүктелерді оятуға арналған жаттығуларды жасатамын. Суық тиюге және майтабандыққа қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың дене сымбатын жетілдіру,қимыл қозғалыс дағдыларын дамыту, сауықтыру шаралары арқылы жан жақты дамыған өрісі биік тұлғасы сымбатты азамат тәрбиелеу жолында еңбектенемін деді тәрбиеші А.Сатбергенова

Сөз сөйледі: Тәрбиеші Г.Джилкибаева сауықтыру шаралары туралы былай деді Мен күнделікті сауықтыру және шынықтыру шараларын ұйымдастырамын.Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды.Бала денсаулығының мықты болып қозғалыс дене құрылымының дұрыс жетілуі осы балабақша кезінде қалыптасады. Сергіту сәттері,ұйқыдан кейінгі гимнастика,қимылды ойындар сауықтыруға баланы ықпал етеді. Қалған тәрбиешілерде сауықтыру шараларының есептерін берді.

Сөз сөйледі: Топтарда сақталатын қауіпсіздік ережелері туралы шаруа меңгерушісі айтты. Әр бір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілікті сезінуі керек. Балабақша топтарында өрт қауіпсіздігіне назар аудару қажет. Резеткалардың барлығына қақпақ кигізулі болуын үнемі қадағалау керек Топтан шыққанда барлық электр аспаптарын өшіріп, бөлмені шелдетіп барлық терезелерді жабу керек. Балаларды топта жалғыз қалдырмау керек. Ауып төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру,өз өмірі үшін жауапты екенін ұғындыру керек.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру туралы тақырыптық тексеру қорытындысымен таныстырды. «Ай-жұлдыз» тобында тәрбиеші А. Сатбергенова психологиялық сәт ұйымдастырды, балалар қимыл- қозғалыс жасап тәрбиешінің соңынан қайталады. Ойын арқылы қимыл- қозғалыс белсенділігін байқау үшін «Ойыншықты сипа», «Жалғыз аяқ жолмен»сияқты

қимылды ойындар ұйымдастырды. Ойын уағында баланың өзін-өзі басқару қабілеті жетіліп қалыптасуын, қимылды ойындар адамның қимыл-қозғалысын жақсартуда пайдасы бар екенін балаларға ұқтырды. Тәрбиеші ойын арқылы бала қимыл-қозғалысын жақсартуда, ойдан ойға жетелейтін, адамға көңіл күй сыйлайтынын, денсаулықтың кепілі, өмір тынысы екенін көрсетті. Қимыл-қозғалыс арқылы дене шындалады, зеректігі, тапқырлығынтасы артып жетіле түсетіндіктері байқалып тұрды. Топ балаларының қимыл-қозғалыс белсенділігі өте жақсы дамыған.

Шешім:

1. Баланың қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету, бала жарақаттанып қалмауна тікелей тәрбиешінің жауапкершілігінде.
2. Топтардағы сауықтыру шараларының жүргізілуі қанағаттанарлық.
3. Топтардағы қимыл-қозғалыс белсенділігінің ұйымдастырылуы Үлгілік бағдарламаға сай жүргізілуде.

Төрайымы:

Хатшы:



К. Нурходжаева

А. Сатбергенова

Педагогикалық кеңестің

№ 3 хаттамасы

Мерзімі: 28.02.2022 жыл

Қатысқандар 3

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін ойын арқылы дамыту»

Күн тәртібінде.

1. Балалардың эстетикалық санасын бейнелеу өнері арқылы дамыту баяндама
2. «Менің ауылым» сурет көрмесі, «Ертегілер апталығы» қызықты сахналау сайысын қорытындылау.
3. Ашық оқу қызметтерін талқылау.
4. Шығармашылық білім саласы бойынша балалардың қабілетін ашу.

Сөз сөйледі: Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі ашты. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Сөзді тәрбиеші А. Сатбергеноваға берді.

Тыңдалды: Балалардың эстетикалық санасын бейнелеу өнері арқылы дамыту туралы сөйледі. Балабақшада тәрбиеші бағдарламалық және оқу әдістемелік талаптарды орындаушы ғана емес, ол балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысында кездесетін күрделі мәселелерді өздігінен шешетін, оны жүзеге асыратын ұстаз. Бейнелеу өнері арқылы эстетикалық тәрбие берудегі жұмыстың нәтижелі болуы біздің шеберлігіміз бен іздемпаздығымыз, шығармашылығымыз, білім деңгейімен де тығыз байланыста болмақ. Осы орайда тәрбиеші бейнелеу өнері түрлерін жетік біліп, балаға түсінікті түрде қарапайым мазмұнын шығармашылықпен әңгімелеп бере білуі баланың іс әрекетке қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар бояу түстерін ажырата білуге, көркемдік мәнерін сезіне білуге боулайды. Бейнелеу өнер түрлері жайында баланың қарапайым түсініктерін қалыптастыру, эстетикалық өнерге деген қызығушылық, сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Дүниетаным айналаға деген күштарлық, табиғатқа деген сүйіспеншілік, сұлулыққа деген еліктеушілік бала жастан адам бойына қалыптасады. Эстетикалық талғам балалардың өнерде, өмірде шынайы әсемдіктен қанағат, рухани азық алуынан көрінеді. Балалардың қабілеттерін эстетикалық санасын дамытуда педагогтың жеке бас мәдениеті, білімі, өз ісін жете меңгеруі үлкен рөл атқарады. Балалардың көркемдік қабілеттерін, эстетикалық сезімдерін, әсемдікті бағалай білуін дамыта отырып тәрбиеші рухани байлығы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеудің негіздерін қалай береді деді.

тәрбиеші. Дайындаған баяндамасынан үзінділер оқыды, тәрбиешілер де өз пікірлерін айтты.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері өткізілген іс шаралар туралы қорытынды айтты. Біздің бөбекжай балабақшамызда жылдық жоспарға сай «Менің ауылым» сурет көрмесі ұйымдастырылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жұмыстарынан ерекше әсер алып сол арқылы эстетикалық сезімдерін ояту, суреттерді тамашалау арқылы ауыл туралы көбірек білу. Балалар суреттерді жарық бояуларда жеткізуге әрекет жасаған. Тәрбиеленушілердің жұмыстарын көпшілік көргенде балалар қуанып қалды. Ауыл көрінісі туралы стент дайындалған. Стентте өздерінің тұратын елді мекенінің суреттерін ілгенде өте керемет болар еді деді әдіскер. Ақпан айында ұйымдастырылған ұйымдастырылған «Ертегілер апталығы» ең қызықты сахналауға сайыста ересек Қарлығаш тобы «Жыл басына таласқан хайуандар» ертегісін сахналады, сахналау барысында киіпкердің рольдеріне еніп, диалогты сөйлеуге үйрету, дұрыс ырғақ, түрлі интонация, қимыл қозғалыспен киіпкерлердің жан дүнтесін жеткізу болды. Сахна мәдениетіне баулау.

3-мәселе Ашық оқу қызметтерін талқылау бойынша сөз педагогтарға ұсынылды.

Сөз сөледі: Тәрбиеші А. Сатбергенова ересек тобында ұйымдастырылған ашық оқу қызметіне қатысып өзіме керекті әдістерді алдым. Оқу қызметінде тақырыпқа сай ойындар, үлестірмелі материалдар дайындалған. Балалар сандарды атай алады, ретімен орналастыра біледі, кері санай алады деді әріптесі. Ұсынысым: Оқу қызметіне балалар толық тартылса. Ойындар логикалық түрде ұйымдастырылды, қимылды ойын да болу керек деді тәрбиеші.

Сөз сөледі: Тәрбиеші Балапан тобында ұйымдастырылған оқу қызметі туралы айтты. Әріптесімнің іс тәжірбесінен өзіме керекті әдістерді алдым. Оқу қызметінде дыбысты дисктер пайдаланылды, қимылды ойындар өткізілді. Балалар желіммен жұмыс жасауға дағдылынған. Қауіпсіздік ережелерін сақтап отырды Балалар оқу қызметіне белсене қатысты, көңіл күйлері жақсы. Ұсынысым: Шарларды таяқшаларға орнатып балалардың қолдарына беріп, сипаттату керек еді. Жалпы оқу қызметі жақсы ұйымдастырылды.

Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі А. Сатбергенова шығармашылық білім саласы бойынша балалардың қабілетін дамыту жұмыс тәжірбесінен бөлісті. Баланың жан жақты дамуына әсер ететін басты тәрбие эстетикалық

тәрбие беру. Оған сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, музыка оқу қызметтері жатады. Бала өзін қоршаған орта туралы өз түсініктерін қалыптастырып дамиды. Соның ішінде мен сурет салудың маңызы зор деп білемін. Сурет салу кезінде балада эмоциялық көңіл күй пайда болады. Қылқаламмен, түрлі түсті қаламдармен сурет салу біліктілікті талап етеді, қиындықтар тудырады. Сондықтан сурет салудан бас тартпайтын балалар болады. Сурет салу әдістерін меңгерту мақсатында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану балаларға қызығушылық пен, еркіндік, өздеріне деген сенімділіктерін тудырады. Сондықтан бала ерікті түрде қызығушылық танытып сурет салу үшін дәстүрлі емес әдісті пайдаланған жөн деп білемін. Дәстүрлі емес әдістердің құралдары қызықты, әрі сурет салу жолы оңай. Дәстүрлі емес сурет салуда зерттеу қабілеті қалыптасады. Сонымен қатар балалардың суретті соңына дейін сала аламын ба деген қорқыныштары кетеді. Дәстүрлі емес тәсілді пайдалану кезінде шығармашылығын дамыту, жеке және ұжыммен жұмыс жасауды үйретеді. Баланың қиялын елестеуін, ойлауын, зейінін жетілдіру жұмыстары жүргізіледі. Мен өз тәжірибемде дәстүрден тыс сурет салу түрлерін қолдануды қолға алып жүрмін деді тәрбиеші.

Шешім:

1. Бейнелеу оқу қызметтері қызықты ойындар кіріктіріліп ұйымдастырылсын. (жауапты тәрбиешілер) орындау мерзімі оқу жылы барысында.
2. Өткізілген көрме, ертегі сахналау, ашық оқу қызметтері жақсы ұйымдастырылған деп табылсын.
3. Шығармашылық білім саласы бойынша балалардың қабілеттерін ашу үшін тәрбиешілер ізденіп жұмыс жасасын.

Төрайымы:

К. Нурходжаева

Хатшы:

А. Сатбергенова



Педагогикалық кеңестің

№ 4 хаттамасы

Мерзімі: 29.04.2022 жыл

Қатысқандар 3

Тақырыбы: «Топта заттық кеңестіктің және даму ортасын құрудағы педагогикалық ұжымның қолайлы жағдай жасау жұмыстары».

Күн тәртібінде.

1. Заттық- кеңестік және даму ортасын құру жағдайы бойынша әдеттегі қиыншылықтарды және кемшіліктерді анықтау.
2. «Даму ортасын құру» тақырыптық тексеру нәтижесі.
3. «Қазақ ұлттық бұйымдар», «Ғарышқа саяхат» көрмелерінің қорытындысы.
4. Ашық оқу- қызметтерін талқылау .
5. Ересек тобында шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарының ұйымдастырылуы.

Сөз сөйледі: Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі ашты. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Сөзді балабақша әдіскеріне берілді.

Сөз сөйледі: Заттық кеңестіктің және даму ортасын құру жағдайы бойынша әдеттегі қиыншылықтар және кемшіліктер туралы айтып өтті. Балалар сұлулық әлемінде, ойын, ертегі, ән, сурет салу әлемінде өмір сүру үшін балабақшада жағдай толығы мен жасалу керек. Заттық дамытушы орта қажетті заттармен, ойын құралдары мен жабдықталған эстетикалық, психологиялық педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді. Танымдық, шығармашылық іс әрекеттерге қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы ой және бейнелік қабілеттері қарым қатынас жасау дағдысы дамиды ең бастысы үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады. Біздің балабақша топтарында да жас ерекшеліктеріне сай даму ортасы бар, бірақ керекті ойын жинақтарымызда аздап кемшіліктер бар бұлар Театр құыршақтары, заманауи спорт жабдықтары осы кемшіліктерімізді толықтырып беруді сұранамыз деді әдіскер.

Сөз сөйледі: Даму ортасын құру тақырыбында тексеру нәтижесі бойынша меңгеруші сөз сөйледі. Заттық - кеңестік даму ортасын балаларда қуаныш сезімін балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым- қатынас сылайды. Даму ортасын бақылағанда топтарда қимыл- қозғалыс орталығы, ойын әлемі,

Педагогикалық кеңестің

№ 5 хаттамасы

Мерзімі: 27.05.2022 жыл

Қатысқандар 3

Тақырыбы: «2021-2022 оқу жылының қорытындысы».

Күн тәртібінде.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартының Үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы, балалармен мерекелік іс шаралардың орындалуы туралы есеб.

2. Мониторинг қорытындысы.

3. Бөбекжайдағы сауықтыру іс шаралары

4. Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстар жоспарын бекіту.

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау.

Сөз сөйледі: Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі ашты. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: Педагогтар жасалған жұмыстарға есеп берді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартының Үлгілік оқу бағдарламасының орындалуы, мерекелік іс шаралардың орындалуы туралы Баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, тұрмысты, көшеде, табиғат жағдайларында, төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық, танымдық, тілдік қабілеттерін қолдана отырып негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс әрекеттерге, Қатынас білім беру саласының ауызекі сөйлеуді, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым – қатынас дағдыларын игеруге боулу жұмыстары, тәрбиеленушілердің әр түрлі балалық іс-әрекеттерінде Қазақстан халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды игеруге баулау жұмыстары жүргізілгендігі туралы айтылды. Таным саласы бойынша санау дағдыларын, геометриялық пішіндер бойынша түсініктерді қалыптастыру, кеңестікті және уақытты бағдарлауды, құрастыруды, тірі және өлі табиғат заттарымен құбылыстары жөнінде білімдерін кеңейткендігі туралы, Шығармашылық білім саласы бойынша балаларға сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын, командада жұмыс істей білуді қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, ұлттық бейнелеу өнеріне

баулу, дәстүрден тыс сурет салу, қиялдау, ойлауды, көркем талғамды қалыптастыру жұмыстары туралы айтылды. Әлеумет білім саласында қоғамда өзін өзі ұстау, адамгершілік нормаларын, ересектер және құрбыларымен қарым – қатынас жасай білуін, оларға құрменпен қарауды дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасына жақындық сезімін жанашырлықты қалыптастыру, қазақ халқының тарихын мәдениетін білу құрметтеуді туған жер туралы тісініктерін кеңейту, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыру туралы барлық тәрбиешілер жазбаша түрде есеп тапсырды педагогикалық кеңес құжаттарына қоса тігілді.

Тыңдалды: Балалардың тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасын игеру үшін балаларға шамадан тыс салмақ салмай тәрбиелік, дамытушылық, білімдік мақсаттар мен міндеттерді қамтамасыз етуге әрекет жасадық. Білім-тәрбие беру балалардың жастарына сәйкес жүргізілді: Бағдарламаны игеру үшін келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді Дене дамуы: кешенді шынықтыру шаралары, таңғы жаттығу, күнің екінші жартысындағы жаттығулар мен ойындар. Әлеуметтік-тұлғалық даму: режімдік сәттерді өткізуде жағдаяттық әңгемелесу, олардың қажеттілігін түсінтіру, тапсырмалар арқылы еңбек дағдыларын дамыту, режімдік сәттерді өткізуде қауіпсіз жүріс – тұрыс дағдыларын қалыптастыру. Танымдық – тілдік даму тілдік дамытушы ортаны құру, ойындарда бақылауларда еркін диалогтар, әңгемелер, сөйлеу белсенділігін ынталандыру жұмыстары балалармен тәрбиеленушілермен ұйымдастырылды. Көркем-эстетикалық даму, баланың күнделікті тіршілігінде музаканы қолдану ойын әрекеттерінде, серуенде, бейнелеу әрекетінде жүргізіліп тұрды. Қоршаған ортадағы әр түрлі дыбыстарға, бөлмелерді безендіруге, жабдықтардың тартымдылығына, заттардың, ойыншықтардың әсемділігі мен тазалығына балалардың назарын аударып үйреттік. Бағдарламаны іске асыру баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне, оның жан-жақты үйлесімді дамуына заманауи тәсілдерді қолдануға әрекет жасадық. Ойын, еңбек әрекетін күнде ұйымдастырып баланың тіршілік әрекетінде қолданатын әрекеттерді қалыптастырып, дағдылануына байланысты жұмыстар жасалды. Балабақшамызда балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдай жасауға, ұлттық салт-дәстүрлерді, адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизмге тәрбиелеу жұмысы жалғасуда. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау нәтижесі бойынша қорытынды жасалды. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген мониторинг қорытындысына негізделіп тәрбиеленушілеріміз Мектепке

